

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 10 маусымдағы № 302-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 453-бапта:

тақырып "дайындау," деген сөзден кейін "басып шығару," деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацы "дайындау," деген сөзден кейін "басып шығару," деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацы "дайындау," деген сөзден кейін "басып шығару," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 504-бап мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

"7. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші, бесінші, алтыншы бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

8. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

3) 804-баптың бірінші бөлігінің 46) тармақшасындағы "436," деген цифрлар "436, 462 (үшінші және төртінші бөліктері)," деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 889-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген жағдайларда қаулының, нұсқаманың орындалуын тоқтатады және әкімшілік жазадан босатады."

2-бап. Осы Заң 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ